

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ:
ТАРИХИ БАҒДАРЫ, ДАМУ БЕЛЕСТЕРІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ»
XVIII ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕУРАЗИЯ ҒЫЛЫМИ ФОРУМЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ
XVIII МЕЖДУНАРОДНОГО ЕВРАЗИЙСКОГО НАУЧНОГО ФОРУМА
«30 ЛЕТ НЕЗАВИСИМОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН:
ИСТОРИЧЕСКИЙ КУРС, ВЕХИ РАЗВИТИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ»**

**MATERIALS
XVIII INTERNATIONAL EURASIAN SCIENTIFIC FORUM
«30 YEARS OF KAZAKHSTAN'S INDEPENDENCE:
HISTORICAL COURSE, MILESTONES OF DEVELOPMENT
AND PROSPECTS»**

Нұр-Сұлтан, 2021

ӘОЖ 94(574)
КБЖ63.3(5Қаз)
Қ18

Бас редактор

Сыдықов Е.Б., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Басқарма төрағасы-ректор, ҚР ҰҒА академигі

Жауапты редактор

Садықов Т.С., т.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ тарих факультетінің деканы

Редакция алқасы

Мерзалинова Г.Т., Басқарма мүшесі – Ғылым, коммерциализация және интернационалдандыру жөніндегі проректор; Айтмағамбетов Д.Р., т.ғ.к., доцент, Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму жөніндегі проректор; Сайлаубай Е.Е., т.ғ.к., доцент, ЕҰУ «Ел тарихы» ҒЗО директоры; Сейтказина К.О., т.ғ.к., доцент, деканның академиялық мәселелер жөніндегі орынбасары; Ерменбаева Г.К., т.ғ.к., доцент, деканның ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары; Көшенова Ғ.И., т.ғ.к., доцент, Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі; Үмітқалиев Ұ.Ұ., т.ғ.к., доцент, археология және этнология кафедрасының меңгерушісі; Дүкенбаева З.О., т.ғ.д., профессор; Мусабалина Г.Т., т.ғ.д., профессор; Ковальская С.И., т.ғ.д., профессор; Алпысбес М.А., т.ғ.д., профессор; Мусабалиева А.С., т.ғ.д., профессор; Сарсамбекова А.С., т.ғ.к., доцент; Сайлаубаева Н.Е., т.ғ.к., доцент; Кабылтаева С.К., PhD, доцент; Каженова Г.Т., т.ғ.к., доцент; Жанисов А.Т., т.ғ.к., доцент; Жапекова Г.К., т.ғ.к., доцент; Брынза Т.В., аға оқытушы; Абдуразаков М.Ф., аға оқытушы (тех. редактор); Бижанов А.С., аға оқытушы (тех. редактор); Оразаев С.Б., аға оқытушы (тех. редактор).

Редакция алқасының көзқарасы мақала авторларының пікірімен сәйкес келуі міндетті емес/Мнение автора публикаций не обязательно должно совпадать с мнением редакционной Коллегии.

«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл: тарихи бағдары, даму белестері және болашағы» XVIII Халықаралық Еуразия ғылыми форумының материалдары. II том / **«30 лет Независимости Республики Казахстан: исторический курс, вехи развития и перспективы»**: Материалы XVIII международного Евразийского научного форума. II том / Жалпы ред. басқарған Е.Б.Сыдықов. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 557 б. – қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-588-5

Бұл жинаққа Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің 25 жылдығына арналған **«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл: тарихи бағдары, даму белестері мен болашағы»** атты XVIII Халықаралық Еуразия ғылыми форумының материалдары енгізілді. Ғылыми форумның жұмысы Президент Қ-Ж.Тоқаевтың **«Тәуелсіздік бәрінен қымбат»** бағдарламалық мақаласының идеяларын жүзеге асыруға бағытталды.

Шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерінде Қазақстан халқының маңызды жетістіктері көрсетіліп, тарих ғылымының неғұрлым өзекті тақырыптары бойынша дамуының кейбір қорытындылары шығарылып, одан арғы зерттеулердің болашағы айқындалды. Жинақтың материалдары ғалымдарға, мамандарға, студенттерге, әртүрлі деңгейдегі ұйымдар мен билік органдарының басшыларына қызықты болуы мүмкін /

В данный сборник включены материалы XVIII Международного Евразийского научного форума **«30 лет Независимости Республики Казахстан: исторический курс, вехи развития и перспективы»**, посвященного 30-летию Независимости Республики Казахстан и 25-летию ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. Работа научного форума была нацелена на реализацию идей программной статьи Президента К-Ж. Токаева **«Независимость превыше всего»**.

В работах зарубежных и отечественных ученых отражены важнейшие достижения народа Казахстана и подведены некоторые итоги развития исторической науки по наиболее актуальным темам, определены перспективы дальнейших исследований. Материалы сборника могут быть интересны ученым, специалистам, обучающимся, руководителям организаций и органов власти разных уровней.

ӘОЖ 94(574)
КБЖ63.3(5Қаз)

ISBN 978-601-337-588-5

© Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2021

7. Реализация репрессий в условиях значительной смены элит и их ротации. Репрессии проводились в виде исключения из партии, отстранения от должности, высылки, ссылки, лишения свободы и применения высшей меры наказания.

В казахстанской историографии приводятся различные цифры количества жертв, репрессированных в годы сталинского террора. Основываясь на данных АП РК чл.-кор. АН Казахстана К.Н.Нурпеисов приводил следующие цифры: по политическим мотивам в 20-50 годы в Казахстане судебными и внесудебными органами осуждены более 103 тыс. человек (из них 367 человек - граждане зарубежных стран). По неполным данным подверглись репрессиям более 60 тысяч представителей казахской интеллигенции из них не менее 25 тыс. были расстреляны [3,247 с.]. По сведениям генерал-майора Михаила Дауенова – начальника управления регистрации архивных фондов КНБ РК повсеместные репрессии и террор в СССР только в Казахстане привели к необоснованным обвинениям в совершении государственных преступлений и осуждению судебными и несудебными органами в 20-50-х годах около 118 тысяч человек (20% из них - к высшей мере наказания) [5,32 с.]. По сведениям отечественного исследователя Т.Кульбаева в период с 1917-го по 1953 год в Казахстане было репрессировано и осуждено 105 тысяч человек. В жернова адской машины лагерей попали люди 34 национальностей. Из них 35 процентов – русские, 28,7 процента - немцы, 18 - казахи, 7,2 процента – украинцы. Репрессиями были охвачены все основные слои общества того времени. Из общего числа расстрелянных, а это более 40 тысяч человек, 39 процентов составляли служащие, интеллигенция, духовенство, партийные, советские работники, 30 процентов – рабочие, 17,5 процентов – крестьяне [6,14 с.].

Массовые политические репрессии — одна из самых печальных страниц в истории Казахстана. Тоталитарный режим искалечил судьбы миллионов людей. Общество, казалось бы призванное установить мир, справедливость и равенство, добро и свет, принесло им огромные страдания. Трагедия состояла в том, что многие из уничтоженных репрессиями и пострадавшие от них, участвовали в борьбе против царизма, были лидерами национально-освободительного движения, поднимали в атаку красногвардейцев против Юденича, Колчака, Деникина, Дутова, Анненкова, принимали участие в других акциях советской власти. Они устанавливали советскую власть в стране, стояли у истоков нового социалистического государства.

Список использованной литературы и данных

1. Мағжан Жұмабаев. Табалдырық. Манифест. – Алматы: «Тау-Самал» баспасы, 2011. -108 б.
2. Кульбаев Т. Массовый террор тоталитизма //Литер, 31 мая 2007 года. – С.14-15.
3. Ашнин Ф.Д., Алпатов В.М., Насилов Д.М Репрессированная тюркология / Ф.Д.Ашнин, В.М.Алпатов, Д.М.Насилов. – М.: Вост. лит., 2002. – 296 с.
4. Енисеева Л. Расстрелять разрешаю // Аргументы и факты Казахстан, 1996, № 48.- С.4-5.
5. Дауенов М. Восстановить историческую справедливость//Тураби, 1999, № 4, С.30-37.
6. Кульбаев Т. Массовый террор тоталитизма //Литер, 31 мая 2007 года. – С.14-15.

ҰЛЫ ДАЛА АРУЛАРЫНЫҢ ТАҒЫЛЫМДЫҚ ӨНЕГЕСІ: «ХАЛЫҚ ЖАУЫ» АТАНҒАН ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ЖАРЛАРЫ МЕН ҚЫЗДАРЫ ХАҚЫНДА

Уалиева Г.К.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты

Алпысбес М.А.

т.ғ.д., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры

«Ұл туса - ұрпағымның өскені, қыз туса - ұлтымның өскені» деп халық даналығында айтылғандай, қоғамдағы әйелдер орны айрықша зерттеп, зерделеуді керек ететін өзекті тақырып екені даусыз. Қазіргі әлемдік қауымдастықта әйелдердің қоғамдағы рөлі мен орны

туралы мәселелер зерттеушілер тарапынан әрдайым қызығушылық тудырып отырады. Бұл қоғамдағы әйелдер мен ерлердің орнын анықтау үшін ғана емес, жалпы әйелдердің саяси, экономикалық, әлеуметтік үдерістерге қатысын, қоғамдық белсенділігі жайын анықтау үшін де қажет. Бұл жерде жалпы адамзаттық құндылықтарды насихаттау бағытында да әйелдер тақырыбы, гендерлік саясат деңгейі туралы зерттеулер қажеттілігі күн тәртібінде тұр.

Егер тарихқа тереңдеп қарасақ, қазақ қоғамында әйелдердің орны әрқашан жоғары болған. Ол көне сақ-сармат заманынан бастау алады. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы әйелдер ел басқару, билік айту, туған жерді қорғау сынды ер-азаматтарға лайықты саналған қызметтермен ерлермен тең дәрежеде айналысты және ол жайында ауыз әдебиетінде де, тарихи деректерде де ақпараттар аз емес.

Ұлы Даланың төрінде ерекше құндылықтар жасап, әлемдік өркениетке үлес қосқан бабаларымыздың данышпандығы әйелдерге деген құрметтен де көрінісін табады. Бұл жайында Елбасы Н. Ә. Назарбаев «Шығыс халықтарының арасында, жалпы мұсылман әлемінде әйел затын бөлекше бағалайтын, қарындасты ерекше қадірлейтін халықтың бірі де, бірегейі де – біздің қазақ. Қазақ қыздары мен аналары өз жүрегінің жалынымен, мейірім шапағатымен қазақ халқының ұлттық сезім-түйсігін, мәдени-рухани біртұтастығын елеусіз ғана шыңдап отырған» [1] -деп қазақ әйелдерінің отбасындағы және қоғамдағы орнына баға берген болатын. Ол рухани жаңғырудағы ұлттық сана-сезім көкжиегін кеңейтуде екі нәрсенің басын нақты ашып берді. Оның бірі ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғырудың болмайтындығы. Екіншісі, алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту. Мұндағы басты идея болашақ пен өткенді үйлесімді сабақтастыра білу. Озығын алып, тозығын тастау [2].

Мәселен, Қазақ хандығы кезеңіндегі әйел бейнесі белгілі қасиетті Ана атанған Ұмай ана, Домалақ ана, қолбасшы көсем-қыздар Томирис, Зарина, ел басқарған аналар Сүйімбике, Айғаным, Ұлпансынды аналар бойындағы елжандылық - басшылық қасиеттерден көрінеді. Аналардың бойындағы адами сапаларын: ақылдылығы, сұлулығы, батырлығы, рухтытылығы, адалдығы, елжандылығы, бауырмалдылығы, көсемдігі, шешендігі, намыстылығы, сабырлылығы, болжампаздығы, өрлігі, тәкаппарлығы, қаталдығы, осалдығы, пенделігі, т.б. ерекше бағалау керек.

Алып анадан туады. Өздеріне берілген тектілік қасиет пен тәрбиелілік, биік парасат пен қажырлы қайрат арқасында аяулы жар атанып қана қоймай, өмірге әкелген ұрпағын халық қамын ойлайтын азамат етіп өсіру – аналардың алтын құрсақтылығының, табиғи даналығының, кісілік ел бетінің көрсеткіші.

Ал Қазақстан тарихының өткен кезеңдеріне зер сала қарасақ, тағдырдың талай қысталаң шақтарында тапқанынан жоғалтқаны көп халқымыздың сан қилы қиындықтарды бастан өткергенін көреміз. Әйтсе де ел басына түскен небір зұлматтардың ішінде орны толмас өкініш, азалы да қаралы кезең, қасіретті апат ретінде 1931-1933 жылдардағы ашаршылық нәубеті мен 1937-1938 жж. саяси қуғын - сүргін бәрінен де асып түскені сөзсіз. Бұл жеке адамның немесе отбасының емес, бүкіл халық басына келген тауқымет болды.

Әрине, ашаршылық пен саяси репрессиялартек бізде ғана болған жоқ. Мәселен ашаршылық Украинада, Солтүстік Кавказда, Еділ бойының кей жерлерінде халықты қырғынға ұшыратты. Бірақ солардың ішінде аз ғана қазақ халқының жартысына жуығының қырылып қалуы бұл қасіретті көлемі жағынан да, нәубеттен орны толмас зардап шеккен ұлт ретінде де XX ғасырдағы әлем тарихынан орын алған осындай апаттардың алдыңғы қатарына шығарады.

1931-1933 жылдардағы аштық туралы тоталитарлық жүйе тұсында шындықты айтуға тыйым салынды. Сталиндік «БК(б)П тарихының қысқаша курсынан» қалған мұра ретінде оқулықтар мен тарихи еңбектерде бұл қасіретті «асыра сілтеу», «колхоз құрылысындағы партия жолын бұрмалаушылық», «халық жаулары» деп атап келді. Әйтсе де тағдыры тәлкекке түсіп, сұмдықтың бәрін өз басынан өткіріп, тірі қалғандардың арамызда жүргені, аласапыран заманда қолдан жасалған зұлматтың құрбандары туралы естелік, әйтеуір, халық

санасында берік ұялап қалғаны айқынды. Сондықтан ерте ме, кеш пе, шындық бәрібір жарыққа жол табатыны сөзсіз еді.

Бостандық пен теңдікке ұмтылу саналы адамзат тарихының қай кезеңінде болмасын ерекше орын алып келгені белгілі. 1917 жылы Ресейдегі Ақпан революциясы мен Қазан төңкерісі қарапайым халыққа, әсіресе, езгіге түсіп, отаршылар тепкісінде келген аз ұлттар мен халықтарға өздері ежелден аңсаған бостандық пен тәуелсіздік, әділеттілік пен теңдік идеялары тез арада орындалатындай болашақтан көп үміт күттірген еді.

Шын мәнінде кеңес қоғамындағы өзгерістер 20-30-жылдары қалыптасқан тоталитарлық жүйенің қыспағымен, халықтың белгілі бір бөлігін құрбан ету арқылы іске асырылды. Бұл, әсіресе, жер мәселесінде, ауыл шаруашылығын ұжымдық негізде күштеп қайта құру саясатында айқын көрінді. 20-жылдардың екінші жартысынан бастап қоғамды әбден меңдеп алған аса қатал әкімшілдік-әміршілдік террор шаруаларды кооперация жолына түсіру идеясын бұзып қана қойған жоқ, сонымен бірге оның пайдалы жақтарын да жоққа шығарды. Сөйтіп, ауыл шаруашылығындағы экономикалық заңдылықтарға жатпайтын «Ұлы бетбұрыс» шаруашылықтағы бұрыннан қалыптасқан жүйені аяусыз қиратып, қоғамды неше түрлі қиындықтарға ұрындырудың алғы шартын жасады.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі алғашқы кезеңде көптеген қуанышты өзгерістердің болғаны, оларды көпшілік қолдағаны аян. Бұл ең алдымен бұрынғы патша өкіметі тұсында қазақ шаруаларынан зорлықпен тартылып алынған шұрайлы жерлердің өз иелеріне қайтарылуы жөніндегі қаулымен, қазақ халқының ұлттық-мемлекеттік құрылымының пайда болуымен, мәдени құрылыс саласындағы жұмыстармен және тағы басқа да шаралармен тікелей байланысты болатын. Бірақ, анығына келсек, жер мәселесі ақырына дейін шешілген жоқ еді. Ол көшпелі және жартылай көшпелі халықты отырықшылыққа көшіруге байланысты болды. Жалпы қазақтың зиялы қауымы, соның ішінде Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов және басқалары, сол сияқты 20-30-жылдары республикада басшы қызметте болған біраз азаматтардың өздері де дәстүрлі шаруашылық жүйесінің шырқын күшпен өрескел қиратуға болмайтынын қатты ескерткен болатын.

Буржуазиялық «Алашорда» қайраткері деп алғаш рет айыпталған А. Байтұрсынов 1929 жылы тергеуде берген жауабында көшпелі қазақ шаруаларын отырықшылыққа көшіруге қарсы болмағандарын, бірақ мұны іске асыру үшін алдымен оларды жермен қамтамасыз ету қажеттігін, тыңғылықты әзірлік жұмыстарын жүргізу қажет екендігін дәлелдепті. Жер мәселесіне байланысты айтыс республика партия ұйымы мен үкіметінде де қатты болды. Кейбір қазақ басшылары индустрияландыру саясатына байланысты сырттан жөн-жосықсыз адам күшін лек-легімен әкелуге қарсы тұрып, жұмысшы күшін жергілікті жерде дайындау мәселесін ұсынды. Олар республикадан тысқары жерлерден қоныс аударуды доғару қажет деген мәселені де айтты. Бұл сол кезде КазЦИК-тің жер мәселесіне байланысты қабылданған декретінен де көрініс тапқан еді. Бірақ, өлкелік партия ұйымына басшылыққа келген Ф. Голощекин тұсында Т. Рысқұлов, С. Сәдуақасов, С. Қожанов, Н. Нұрмақов сияқты басшылар әр түрлі сылтаулармен Қазақстаннан шеттетілді.

XX ғасырдың 20-жылдары сезімтал қазақ зиялыларын қатты ойландырып, іштей наразылығын тудырған мәселенің бірі - орталықтың Қазақстанның жергілікті ерекшеліктерімен және ұлттық мүддесімен көп жағдайда санаса бермеу саясаты еді. Батылы жетіп, өз қара басының қамын ойламаған Т. Рысқұлов, С. Сәдуақасов сияқты қайраткерлер бұған барынша қарсы тұруға тырысты. Бірақ, сол үшін кейіннен күйіп кетті.

Қапаста отырып, қиналғаннан айтса да, кезінде республика партия ұйымында жауапты қызметте болған, 30-жылдар қасіретіне моральдық жағынан болса да тікелей жауапты қайраткерлердің бірі 1937 жылы күзде халық жауы деген айыппен ұсталып, тергеуде берген жауабында былай дейді: «Ұзақбай Құлымбетовтің үйінде Н. Нұрмақов, О. Жандосов, Ж. Мыңбаев, Ә. Әлібеков, Ж. Сұлтанбеков, Ә. Досов бәріміз отырғанда Смағұл Сәдуақасов былай деп еді: «Ауылдың жағдайы тым нашарлап кетті. Ауылға коммунистік принциптермен барып соқтығыстық. Бұл ауыл табиғатына жат нәрсе, пайдасынан зияны көп екендігін ескермедік... Бай деп ауыл ауқаттыларына жөн-жосықсыз қысым көрсетіліп жатыр.

Оларға қарсы кедейлерді айдап салып, түрмеге жапты... Совет екіметі патша заманында салынған жолмен кетті... Мұның бар айырмашылығы - кешегі сауатсыз адамдар бүгін бәрін жалырып келеді. Мұны тоқтатпаса болмайды» [3].

Қазақстанның жағдайына орталықтың жүргізген кадр саясаты да салқынын тигізді. Өзіндік пікірі бар, принципті мәселелерде табан тіресе алатындар Ф. Голощекинге қажет емес еді. Сондықтан 30-жылдар зұлматы кезінде республикадағы партия мен үкімет басшылығында Е. Ерназаров, І. Құрамысов, О. Исаев сияқты қайраткерлердің болуы тегін болмаса керек.

Әкімшілдік-әміршілдік билікке ұлт болашағын ойлаған зиялы қауым өкілдері бірде ашық, бірде жасырын түрде күреске шықты. Қоғамға тың күш беретін, қоғамдық санаға жаңашыл ой серпін тудыратын білімді, ұлт намысы мен рухын жоғары қоятын, ұлтымыздың қайсар ұл мен қыздары қай заманда да тарихи мүмкіншілікті мүлт жібермей, өз өсу деңгейі, мәдени биіктігіне сай замандары арқалатқан жүкті межелі жеріне жеткізе білді. Олар заман қиындығы, кеңестік идеология сұрқиялығына қарсы тұрып, алға қойған мақсат пен мүдделеріне асқақ абыроймен жетті.

Мысалы, Қазақ АССР-і жеке отау тіккен 1920 жылдан 1938 жылға дейін кеңестік идеологияның қара тізіміне іліккен, саяси қуғын-сүргіннің құрбаны болған еліміздің білім, оқу-ағарту, мәдениет саласын басқарған, халқын жарқын заманға жеткізе алмай арманда кеткен 11 қазақ ардақтыларының тізімін сараптар болсақ, кеңестік жүйе саясатының шын бейнесін басқа дәлелдеусіз-ақ ашып көрсетер еді:

Ахмет Байтұрсынов (1920-1922 жж.); Аспандияр Кенжин (1922 ж.); Нұғман Зәлиев (1922-1925 жж.); Смағұл Садуақасов (1925-1927 жж.); Кәрім Тоқтабаев (1927-1930 жж.); Ораз Жандосов (1930 ж.); Нұғман Манаев (1930 ж.); Сейітқали Меңдешов (1930-1933 жж.); Темірбек Жүргенов (1933-1937 жж.); Біржан Манкин (1937 ж.); Хансұлтан Сүйіншалин (1937-1938 жж.).

Сонымен бірге Кеңестік тоталитарлық жүйенің солақай саясаты кесірінен «халық жауы» атанған қазақ зиялыларының жарлары мен қыздары ұзақ жылдар қызыл империядан теперіш көргені белгілі.

Бұл орайда С. Сейфуллиннің әйелі Гүлбаһрам, Б. Майлиннің әйелі Күнжамал, Т. Рысқұловтың әйелі Әзиза, С. Қожановтың әйелі Күләндам, С. Меңдешевтің әйелі Рәзия, Т. Жүргеновтің әйелі Дәмеш, Н. Нұрмақовтың әйелі Зүппүн, С. Аспандияровтың әйелі Рабиға, Майнұр Сарымолдаева, Мәриям Тоғжанова, Әйіш Құлымбетова, Бибіжамал Сырғабекова, Жанбике Шанина, Айша Қабылова, Уәзипа Күленова, Мағрипа Рүстемова, Әсма Шоманова, Зағипа Тінәлина, Баршын Қалменова, Мәдина Оразова, Мәрияш Есенгелдина т.б. көптеген қазақ азаматтарының жұбайлары қуғын-сүргін көрген уақыттарда тауқыметті тағдырым деп көтере білген асыл жарлар, аяулы қыздар алаш зиялыларының атына кір жұқтырмай, шыдамдылық пен сабырлықтың биік үлгісін көрсете білді. Олар Сталиндік тоталитарлық жүйе кезінде «халық жаулары» саналып, саяси қуғын-сүргінге ұшыраған мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, шаруашылық, партия-кеңес басшыларының әйелдері мен қыздары ретінде жазықсыз жазаларын АЛЖИР (Отан сатқындары әйелдерінің Ақмола лагері) лагерінде өтеген. Лагерге анасымен бірге түскен сәбилер 2-3 жасқа жеткен соң аналарынан айырылып алынып, балалар үйінің тәрбиесіне берілді. 1950–1957 жылдары бұл зардап тағы қайталанды. Тек 1980 жылдары ғана саяси жүйе өзгеріп, жағдай оңалды.

Бүгін де, азат сана, бостан ерік дәуірлеген тәуелсіз мемлекеттің тәуелсіздік тамырын іздеген азаматына, барлық жеңістері партия атымен байланыстырылған сол заман алыстаған сайын, оны салқынқандылықпен назарлап, мейлінше бейтарап пайыммен сарапқа салу мүмкіндігі де арта түсуде.

Ал бұл - партияның бұрмалаулы билігі мен партия атынан билеп-төстеуді жүзеге асырушылардың, қай режимге де жанын салып қызмет көрсетуге әзір жәдігөй белсенділердің табиғатын ашу, іс-әрекетін саралау - сонау қиын-қыстаулы, қыспағы зор режим солдатты бола жүріп, халқына пайдалы бола білген аз қайраткердің өмір жолын терең тану үшін де қажет.

Сондай аз да саз қайраткердің бірі, коммунистік партия қатарында атқарған жоғары лауазымды қызметтерін ұлтының жаңғыруы мен бірлігі үшін күреске арнаған асыл азаматтардың бірі - көрнекті мемлекет қайраткері, публицист, ұстаз, ақын, жиырмасыншы ғасырдың отызыншы жылдарындағы жаппай саяси репрессиялар құрбаны Сұлтанбек Қожанұлы Қожанов (Ходжанов) еді.

Аты ұмыттырылуға жататындардың қара тізіміне шегелеп жазылып, қапасқа тығып тасталғандықтан, кеңес дәуірінде оның азаматтық бейнесі әбден көмескіленгенді.

Ақыры, міне, ойлау жүйеміздің сананы шырмаған идеологиялық құрсаудан құтылып, азаттық алуы түнекке жасырылып күңгірт тартқандардың баршасын әділет сәулесімен жарықтандырды. Сөйтіп, жазықсыз жапа шеккен тұлғаларды, солардың қатарында Қожановты да рухани өмірімізге қайтарды.

Партиялық шектеу біржола жойылғалы бері, қоғамдық сана ұзақ жылдарғы мәжбүр ету уытынан тазара түскен сайын, Сұлтанбек Қожанұлының ұмыт болған қайраткерлік келбеті мейлінше айқындала түсуге бет алды. Өстіп, компартия қалыптастырған тоталитарлық билік заманы көмескі тартып алыстаған сайын, оның өз уақытында атқарған іс-әрекеті іріленіп, тұлғасы асқақтай түсуде. Солай бола бермек. Біртіндеп. Өйткені ол туралы айтылар әділ сөз жолына тоталитаризм қолпаштауына кенелгендер тарапынан қойылар үнсіз де қуатты кедергілер әлі де болса, тіпті тәуелсіздік дәуірінің өзінде, бірден жойыла қоймайды.

Қайраткердің зайыбы Гүләндәм Мұңайтпасқызы сол сұрапыл 1937 жылы қамауға алынды. «Отан опасыздары әйелдерінің Ақмола лагері», немесе 26-нүкте деп аталатын, «халық жауларының» күллі Кеңес Одағынан әкелінген зайыптары әлгі тіркестің орысшасының бас әріптерімен «АЛЖИР» деген аббревиатурамен атап кеткен жаза өтейтін яки «еңбекпен түзейтін» концлагерь барақтарынан орын тепті. Казармалық социализм жеңісі жолында қой бағып, сталиндік лагерь дәмін он бір жыл татты. Тағы жеті-сегіз жыл елге келтірілмеді. Содан, тек «халықтар әкесі» атанған қаһарлы Сталин жолдас көз жұмғанда ғана, жазықсыз жазаланған мыңдаған адамдардың қатарында бостандыққа шығып, көзі ашылды.

Ал әйгілі 20-съезден кейін бұрынғы «халық жауларының қылмыстық істері» қайта қарала бастады. Алғашқы лекте марқұм Сұлтанбек Қожанов та ақталды.

Азаматтық-ұлттық тарихымыз үшін ХХ ғасыр күрделі, жауапты, иман мен намысты таразылаған ғасыр боады. Қазақ қоғамы әлі күнге дейін «біз қалай сорлап қалдық?», «мың-миллион қарындас-туыстан қайтіп айырылды?», «кеше һәм бүгін ұлт қамын ойлауға тиіс зиялылар өзін қалай ұстады?» деген сұрақтар төңірегінде жиі толғанады. Бұл - әрі елдікті сақтау, әрі елдікке шақыру сұрақтары екені түсінікті.

Осындайда әріден тартқанда Түрік қағанатымен, беріден тартқанда Қазақ хандығымен жалғасып жатқан дәуірлерде ел һәм қол бастаған алып тұлғалар, соңғы хандықты патшалық Ресей отарынан күтқарамын деп шарқ ұрған көкжал Кенесары, бодандық қанатын күйдірген қазақты Алаш ұранымен серпілтеміндеп «түн ұйықтамған, күн отырмаған» Әлихан Бөкейхан тағылымы еске түседі. Большевиктік бұратартушылық пен қырғынға қарсы - Кенесарыдай жан аямай табанды күрескен, большевиктік әбілет күші мен әділетсіздікке қарсы - Әлихандай ақылын сарп еткен қайраткер Смағұл Садуақасұлы тағылымы еске түседі. Шынында да ол - бойына қаһармандық пен зиялылық қатар конған тұлға-тын.

Смағұл Садуақасұлы - кеңес тұсындағы ресми тарихта есімі еленбей келген, аты сөз етіле қалса бірыңғай мансұқталған ірі тарихи қайраткерлердің бірі. Ол 1900 жылы туып, небәрі 33 жыл ғана ғұмыр кешті. Соның өзінде тұлғалы қайраткер, әдебиетші, көсемсөзші ретінде танылып үлгерді. Солай бола тұрса да С. Садуақасұлының есімі 20-жылдары «оңшыл бағыт» ұстанған «байшыл», «жолбикелермен пікірлес» саясатшы ретінде айыпталғаны айтылды.

Смағұлдың анасының аты - Мәжікен. Ол кісі, баласының (Смағұлдың) жазған дерегі бойынша, 1879 жылы туған. Рақымжан Аронұлының бәйбішесі Гауһар Бейсенқызы (Қошкө Меменгерұлының шөбере қарындасы) айтады: «Смағұл ағатайымыздың қарындасы

Орынбасардың: «Шешем нағашыларым туралы көп айтпайтын. Сірә, бізге зияны тиіп кетер дейтін болуы керек. Оның үстіне біз бойжеткенде «тақырда шыққанмын» дейтіндердің тасы өрге дөңгеледі ғой» дегенін өз құлағыммен естідім», - деп.

1933 жылы жалғыз ұлы Смағұлдың ауыр қазасынан кейін бейбақ ана қатты қайғырып, күні-түні жылап, қос жанарынан айырылыпты. 1937 жылы күйеуі Садуақас жазықсыздан-жазықсыз айдалғаннан кейін Мәжікен ана көп кешікпей құсадан қайтыс болыпты.

С. Садуақасұлының ата-анасы туралы бар дерек осы. Ал, емшектес бауырларына келсек, тірі қалғаны - қарындасы Орынбасар ғана. Мәжікен ананың көтерген он сегіз құрсағынан аман қалғандар - Смағұл мен Орынбасар. 1918 жылы «Центросибирь» кооперация бірлестігіне қабылданарда Смағұл: «Екі қарындасым (бірі 18-де, екіншісі 3-те) және бір інім (5-те) бар» [4], - деп жазыпты.

Садуақастың тірі қалды деген қызы Орынбасардың өзі өмірден өгейлік, тағдырдан тәлкек көріп, 1990 жылы Омбы облысы, Любин ауданының Капустино деревнясында тұратын Аронұлы Рахымжанның қолында қайтыс болыпты.

Смағұл өміріндегі ерекше де есте қаларлық жыл -1923 жыл еді. Осы жылы ол Елизавета (Зейнеп) Әлиханқызы Бөкейхановаға үйленеді. Елизавета-Зейнеппен Смағұл Омбыдағы жылдарында танысқан. Үйлену рәсімі Зейнептің (Елизавета) нағашылары тұратын Омбы шаһарында және Смағұлдың кіндік кескен жері Жарқын ауылында сәуір айында болғанға ұқсайды.

Елизавета Әлиханқызы Садуақасова (1903 жылы 25 сәуірде Омбыда туған) 1927 жылы Мәскеу мемлекеттік университетінің медицина факультетін, 1931 жылы аспирантурасын бітіріп, кейін медицина ғылымының докторы атағымен КСРО ДҒА Денсаулық сақтау институтының ғалым-хатшы, бөлім меңгерушісі қызметіне дейін көтеріледі. Осы салада жазған 7 кітабы, жүздеген мақалалары ғылым әлеміне жақсы таныс. Ол кісі 1971 жылы 22 маусымда дүние салды.

Тарихтан тартылған тағылым жолы ұмытылмақ емес, өміршеңдігімен де әрдайым болашаққа бастайды. Оның белсенді кейіпкерлері қашан да әйелдер болмақ. Ананың ардақты бейнесі әр баланың көкірегінде сақталғанмен, әулетке, ауылға, қауымға, халыққа қамқор ана болған әйелдер бейнесі қай ортада да баршылық.

Мемлекет басшысы Қ-Ж. К. Тоқаев 2021 жылдың 31 мамырында Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне байланысты Үндеуі жариялаған болатын. Ол үндеуде: «Құрметті отандастар! Бүгін, 31 мамыр – ел тарихындағы ең азалы кезеңнің бірін еске алу күні. Өткен ғасырдың алғашқы жартысындағы саяси қуғын-сүргін Кеңес Одағы дәуіріндегі миллиондаған азаматтың тағдырына таңба салды. Қазақстанда жүз мыңнан астам адам жазықсыз сотталып, оның төрттен бірі өлім жазасына кесілді. Еліміздің аумағында он бір еңбекпен түзеу лагері болды. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен қасірет мекені КАРЛАГ пен АЛЖИР-де тоталитарлық жүйенің шексіз қатігездігін үнемі еске салып тұратын тарихи мемориалды кешендер ашылды.

Зұлмат заманда тұтас халықтар қудалауға түсті. Туған жерінен зорлықпен көшірілген бес миллионға жуық адам қасиетті қазақ жерінен пана тапты. Қазақстан олардың құтты мекеніне айналды. Ұлтымыз алапат аштықтың зардабын тартып, орны толмас шығынға ұшырады. Шектен шыққан ұжымдастыру науқаны Ұлы даланы бұрын-соңды болмаған ауқымды гуманитарлық апатқа ұрындырды. Халқымыз небір зобалаңды көрсе де рухын аласартқан жоқ. Бірлігін бекемдеп, ынтымағын арттыра түсті.

Төл шежіреміздегі қайғылы кезеңдерді ұлттық бірегейлігімізден бөле-жара қарау мүмкін емес. Сондықтан, біз саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарының рухына тағзым етіп, есімдерін мәңгі есте сақтаймыз. Тарихтан тағылым алып, мұндай тауқымет ешқашан қайталанбауы үшін бәрін жасайтын боламыз [5]. Сол себепті де «халық жауы» атанған қазақ зиялыларының жарлары мен қыздарының өмірі мен шығармашылығы, ғибрат алар істері жастарға үлгі болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә.Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру (статья, интервью, выступления, экспертные комментарии и справочно- аналитические материалы) – Астана: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан, 2017. – 512 с.
2. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру (статья, интервью, выступления, экспертные комментарии и справочно- аналитические материалы) – Астана: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан, 2017. – 515 с.
3. Қозыбаев М., Алдаржұманов Қ. Қазақ даласына қырғын қалай келді? / Қызылдар қырғыны. – Алматы, «Өнер». 1993. – 76.
4. Омбы облыстық мемлекет архиві. 151 қор, 1 – тізім, 299 – іс, 29 – бума, 384 бет.
5. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне байланысты Үндеуі // https://baq.kz/news/othernews/prezident-31-mamyr-el-tarihyndagy-en-azaly-kezennin-birin-eske-alu-kuni/?sphrase_id=64345936<https://baq.kz/news/othernews/prezident-31-mamyr-el-tarihyndagy-en-azaly-kezennin-birin-eske-alu-kuni/>

ОСОБЕННОСТИ ПРОЦЕССА РЕАБИЛИТАЦИИ ЖЕРТВ МАССОВЫХ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ В КАЗАХСТАНЕ

Хасенова Ж.О.

магистр истории, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,
ст.преподаватель кафедры истории Казахстана

Реабилитация жертв политических репрессий в любом государстве, безусловно, представляется комплексной проблемой. Актуальность темы реабилитации жертв политических репрессий в Казахстане обусловлена задачей дальнейшего изучения сущности тоталитаризма и репрессий, предотвращения влияния на современное общество деструктивного наследия террора.

После смерти Сталина, понятие «реабилитация» стало актуальным при характеристике процесса «восстановления социалистической законности». Первыми шагами начавшегося в 50-е годы реабилитационного процесса стали амнистия, снятие многочисленных правовых ограничений, освобождение из лагерей, тюрем и ссылок огромного количества невинных людей, возврат им части конфискованного имущества, осуждение репрессий и злоупотреблений властью, посмертное «возвращение» чести и достоинства расстрелянных жертв, демонстрация попытки наказать исполнителей кровавых преступлений.

Смысл сущности реабилитации заключается в признании государством своего гражданина жертвой политических репрессий, в восстановлении его лишенных и ограниченных прав, материальной и моральной компенсации, создание условий для восстановления утраченных возможностей. Изучение проблем реабилитации невинных жертв политических репрессий тесно связано с задачей восстановления исторической памяти, его влияния на социальный оптимизм, духовные и культурные традиции народов. Все это позволит, на наш взгляд, дать объективную оценку реализации государственной политики реабилитации жертв политических репрессий в Казахстане, вновь получившей актуализацию в 2020 году.

Итак, безусловно, основные процессы реабилитации жертв массовых политических репрессий нужно рассматривать в общем контексте развития советского государства. «Первый этап – с марта 1953 г. по 1967 г. (хотя есть и другие пограничные даты). Вторым этапом – с 1987 г., с момента создания Комиссии Политбюро ЦК КПСС по дополнительному изучению материалов, связанных с репрессиями, имевшими место в период 30-40-х и начала 50-х гг. до получения суверенитетов республиками Союза. Третий этап начался в 1991 г.» [1; с.205-209]. В Казахстане третий этап реабилитации связан с принятием Закона Республики Казахстан «О реабилитации жертв массовых политических репрессий» от 14 апреля 1993 г. [2]. В целом, эти этапы реабилитации жертв политических